

# Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№39 (10 086)

1 қазан

жұма

2021 жыл

aksuoniri@mail.ru

## Қызметтік міндеттерін атқаруда қаза болған Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне белгітас қойылды



Ақсу аудандық полиция бөлімінде "Қызметтік міндеттерін атқаруда қаза болған Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне арналып қойылған белгітастың" ашылуы болып өтті. Шара барысында 2012 жылы қызметтік міндеттерін орындау кезінде жолкөлік апатынан қаза тапқан қос батырымыз - аудандық ішкі істер бөлімінің жол полиция тобының аға инспекторы Райымбеков

Махамбет Нұрланұлы, полиция капитаны аудандық ішкі істер бөлімшесінің тергеушісі Абимуратов Руслан Талғатұлын еске алып, бір минут үнсіздік жариялап, әуеге оқ атты. Ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

Еске алу жиынына қаза болған полиция қызметкерлерінің ата-аналары, аудан әкімі Есім Сөйілханұлы Базарханов, аудандық мәслихат хатшысы Бейбіт Жаңылысұлы Сүлейменов, аудандық полиция қызметкерлері қатысты.

Азаматтық парыздарын, қызметтік міндеттерін атқару кезінде өз өмірлерін қатерге тігіп, ерлік пен азаматтықтың ерен үлгісін көрсеткен қас батырларымыз ел есінде мәңгі сақталатыны айқын, - деді аудан басшысы.

Мағжан ШЫҢДӘУЛЕТ.

## ЖАС КАДЕТ СЫНЫПТАРЫ АНТ ҚАБЫЛДАДЫ



Ж.Сыдықов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен коммуналдық мемлекеттік мекемесінде "Пилоттық жобадарының" салтанатты ашылу мерекесі өтті. Дене тәрбиесі, спорт, алғашқы әскери дайындық және қосымша білім берудің ғылыми - тәжірибелік орталығының АӘД бөлімінің жетекшісі Қасенов Айбол Батырболұлы, аудан әкімінің орынбасары Есжанов Ғазиз Отарбайұлы, аудандық білім бөлімінің әдіскері Жақыпова Шолпан Амангелдіқызы, аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлім басшысы, майор Нұртөлеуұлы Дидар, аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің азаматтық қорғау майоры Жақсыбаев Нұрдәулет Нүргелдіұлы және алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Молдабергенов Талғат Борамбайұлы салтанатты кештің қонақтары болды.

Мектеп директоры, кеш қонақтары құттықтау сөздерін айтып, алдағы жұмыстарына табыс тіледі. Жас Кадет сыныптары ант қабылдап, куәлік иегерлері атанды. Қасенов Айбол Батырболұлы мектеп директоры Сыздықбаев Әділжан Махмұтжанұлын құттықтап, аудан бойынша бірінші кадет сыныбын ашқаны үшін Құрмет Грамотасын табыстады.

Оқушылардың бойында ерлік пен ұлтжандылықты қалыптастыру. Өскелең ұрпаққа әскери патриоттық тәрбие беру басты мақсат. Болашақта кадет сыныптары мектеп мақтанштары болуы тиіс.

Жас кадеттердің жетекшісі, Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі, лейтенант Көптілеуов Жарқын Жекенұлы команда беріп, жас сарбаздарымыз салтанатты шерумен жүріп өтті.

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА.

## ҚАЗАН АЙЫНЫҢ БІРІНШІ ЖЕКСЕНБІСІ - МҰҒАЛІМДЕР КҮНІ!

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ: ЕЛІМІЗДІҢ ЕРТЕҢІ - БҮГІНГІ ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ҚОЛЫНДА, АЛ ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ТАҒДЫРЫ - ҰСТАЗДАРДЫҢ ҚОЛЫНДА.

## Ұстаз - ұлы тұлға, Ұстаз - келер күннің ұстасы

Білім саласы қызметкерлерінің төл мерекелері - Мұғалімдер күнімен құттықтаймыз!

Ұлт ұстазы, қазақтың өткені ғасырдағы руханиятының көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлы: "Мектептің жаны - мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, яғни, мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керегі - білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім", - депті. Арада бір ғасыр өтсе де, Алаш арысының бұл сөзі әлі күн тәртінен түскен жоқ. Отанымыздағы миллиондаған балаға білім үйретіп, тәрбие тағылымын дарытып келе жатқан мыңдаған мұғалім қауымын төл мерекесімен құттықтаймыз! Өзінің ісімен, өзінің сөзімен егемен еліміздің болашағын ойлайтын, тәуелсіздігін қорғайтын білімді ұрпақтың тәлімгері Сіздерсіздер!

### Құрметті ұстаздар!

Сіздердің мамандықтарыңыз елдегі ең қадірлі, ең мерейлі, әрі аса жауапты мереке. Себебі, Қазақстанның болашағы Сіздердің қолдарыңызда. Баланың болашағы, оқуда қандай жетістікке жететіні, өмірде қаншалықты табысты, іскер болатыны тікелей тәлімгерге байланысты.

Елбасының айырықша көңіл бөлуі нәтижесінде



## Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға

### Құрметті ұстаздар!!!

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», - деген ұлы Абай бабамыз. Сіздер жас ұрпақтың санасына сыналап енгізетін тәлім - тәрбие, үлгі - өнеге өлшеусіз. Сіздер - жастардың болашағын айқындайсыздар, бүгін еткен дөңдеріңіз ертеңгі жеңісті - жемісті күннің кепілі. Ұстаз болашақ азаматтарды ғана емес, бүкіл болашақ қоғамды қалыптастырады.

Қоғам мен адамзат алдындағы өлшеусіз еңбектеріңізді ескере отырып, Сіздерге өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі ерелі жұмыстар және мемлекеттің гүлденуі жолындағы абыройлы істеріңізге толымды табыс тілеймін. Қызығы мен шыжығы қатар жүретін ұстаздық жолдарыңыз тек өрлеу мен өсуге бастасын.

Ұстаздық жолдағы жастық шақтан дана ұстаздық ғұмырыңызға дейінгі уақыттардағы ардагер ұстаздарымыздың еңбегі зор. Сіздерді саналы ұрпақ тәрбиелеудегі атқарып кеткен еңбектеріңізге басымызды иіп, құрметпен қараймыз. Ұстаздар мерекесі күнінде Сіздерге зор шаттық пен қуаныш тілейміз.

Сіздерді Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!!!

АҚСУ АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ, АҚСУ АУДАНДЫҚ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖЕРГІЛІКТІ КӘСІПОДАҒЫ.



### Құрметті ұстаздар!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз «Мұғалімдер күнімен» шын жүректен құттықтаймыз.

Ұстаз, ұстаз, ұстаз...

Әлемді шарлаған, зерттеген ғарышкер де, адам жанына арасы дөрігер де, елді, жерді жаудан қорғаған батыр да, білімі мен білігі биік ғалым да - ұстаздан дәріс алып, есейіп, өмірлік мақсатына қол жеткізіп жатады.

Иә, ұстаз - мәртебесі биік, ұлы мамандық. Еліміздің болашағы шәкірттерді сапалы біліммен сусындатып, отансүйгіш, саналы, еңбекке қабілетті азамат

білім мекемелерін көбейту және олардың материалдық - техникалық базасын заманауи қондырғылармен жабдықтау арқылы білім саласын дамытуға барлық жағдай жасалып келеді. Оның барлығы білім сапасын арттыруға, кәсіби шеберлікті нығайтуға, мұғалімдердің әлеуметтік мәртебесін жоғарылатуға ықпал ететіні сөзсіз.

Бұл Сіздердің Қазақстан азаматтарын өз елінің патриоты және тәрбиелі әрі жауапты адам етіп тәрбиелеп шығаратындарыңызға сенімдіміз.

Құрметі ұстаздар мен білім саласының ардагерлері! Сіздерді мерейлі мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтай отырып, мықты денсаулық, шығармашылық табыстар, ізгі махаббат пен мейірім тілейміз!

Ұрпақ тәрбиесі жолында қызмет етіп келе жатқан мұғалімдердің ата-анадан кейінгі атқарар рөлі ерекше. Еліміздің болашағы жас ұрпақ үшін талмай еңбек етіп, біліммен сусындатып, еліміздің дамуына атсалысып келесіздер. Баршаңызды бүгінгі мерейлі мерекелеріңізбен құттықтаймыз!

Есім БАЗАРХАНОВ, аудан әкімі, "Nur Otan" партиясы аудандық филиалының төрағасы.

Бейбіт СҮЛЕЙМЕНОВ, аудандық мәслихат хатшысы.



## Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға

### Құрметті ұстаздар!!!

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», - деген ұлы Абай бабамыз. Сіздер жас ұрпақтың санасына сыналап енгізетін тәлім - тәрбие, үлгі - өнеге өлшеусіз. Сіздер - жастардың болашағын айқындайсыздар, бүгін еткен дөңдеріңіз ертеңгі жеңісті - жемісті күннің кепілі. Ұстаз болашақ азаматтарды ғана емес, бүкіл болашақ қоғамды қалыптастырады.

Қоғам мен адамзат алдындағы өлшеусіз еңбектеріңізді ескере отырып, Сіздерге өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі ерелі жұмыстар және мемлекеттің гүлденуі жолындағы абыройлы істеріңізге толымды табыс тілеймін. Қызығы мен шыжығы қатар жүретін ұстаздық жолдарыңыз тек өрлеу мен өсуге бастасын.

Ұстаздық жолдағы жастық шақтан дана ұстаздық ғұмырыңызға дейінгі уақыттардағы ардагер ұстаздарымыздың еңбегі зор. Сіздерді саналы ұрпақ тәрбиелеудегі атқарып кеткен еңбектеріңізге басымызды иіп, құрметпен қараймыз. Ұстаздар мерекесі күнінде Сіздерге зор шаттық пен қуаныш тілейміз.

Сіздерді Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!!!

АҚСУ АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ, АҚСУ АУДАНДЫҚ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖЕРГІЛІКТІ КӘСІПОДАҒЫ.



### Құрметті ұстаздар!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз «Мұғалімдер күнімен» шын жүректен құттықтаймыз.

Ұстаз, ұстаз, ұстаз...

Әлемді шарлаған, зерттеген ғарышкер де, адам жанына арасы дөрігер де, елді, жерді жаудан қорғаған батыр да, білімі мен білігі биік ғалым да - ұстаздан дәріс алып, есейіп, өмірлік мақсатына қол жеткізіп жатады.

Иә, ұстаз - мәртебесі биік, ұлы мамандық. Еліміздің болашағы шәкірттерді сапалы біліммен сусындатып, отансүйгіш, саналы, еңбекке қабілетті азамат

етіп тәрбиелеуде биік - биік жетістіктерге жете беріңіздер. Қиындығы мен қызығы мол еңбектеріңізге шығармашылық табыс, шаңырақтарыңызға шаттық, дендеріңізге саулық тілейміз.

ЗЕЙНЕТКЕР ҰСТАЗДАР: Закира НҰРЫШҚЫЗЫ, Қазақстан Республикасының оқу ісі үздігі, "Ы.Алтынсарин" төсбелгі иегері.

Гүлбаршын СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ, Қазақстан Республикасының оқу ісі үздігі.

# МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНА 30 ЖЫЛ!

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ



онда халық руханиятының бастауын түсіну маңызды...»,-деп жазылған.

Болашақ - 2050 жыл, біз оған сенеміз және күн сайын жаңа бір қадам басудамыз. Отыз жылдың ішінде Қазақстан еркін елге айналды. Қазақстанда тұратын әрбір ұлт өз ана тілінде сөйлеуге, мәдениеті мен дәстүрін дамытуға құқылы.

Елімізде қуаныш пен үміт ұялататын жақсы өзгерістер болып жатыр. Демократиялық негізде халық алғаш рет президентті сайлады. Конституция қабылданды. Қазақстанды әлемнің жүзден астам елі мойындады. Ол бірқатар халықаралық ұйымдардың мүшесі болды. Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болды. Республика Парламенті жаңа мемлекеттік рәміздерді қабылдады: Елтаңба, Әнұран және Ту.

Біздің Елтаңбамыз – бұл әлем тұтастығының және мемлекет отбасы түлдерінің символы, бұл қанатты арман мен шығармашылық қиял ұшуының бейнесі, бұл – мемлекеттің жол-басшы жұлдызы.

Біздің туымыз-бұл көгілдір бұлтсыз аспан-Қазақстанның барлық халықтарының бірлігінің символы. Бұл елдің өмірі мен дамуының символы. Бұл көпұлтты егемен мемлекеттің мақтаныш, еркіндік сүйгіш рухын құрметтейтін, барлық достас халықтар мен ұлттарға өз құшағын ашуға дайын дала халқының жанының кеңдігінің символы.

Біздің әнұранымыз - қазақ халқының бүкіл өмірін бейнелейтін салтанатты ән. Онда ол өзінің бүкіл тарихында бастан кешкен қиындықтар, тәуелсіздік үшін ерлік күресі туралы айтылады. Онда бейбітшілік пен достықты, бақытты болашаққа деген сенімді жариялаған халықтың ұлылығы естіледі. Отан - ең маңызды, ең қымбат сөз.

Өткен ұмытуды сұрамайды, ал қазіргі уақыт ажыратуды сұрамайды. Әлем картасында Қазақстан Республикасы қалай пайда болғанын және оның азаматтары екенімізді бәріміз бірге есте сақтайық. Қазақстанның болашағы біздің қолымызда. Егер әрқайсымыз өз еңбегіміз бен жанымыздың бір бөлігін туған елімізге берсек, біздің Республика әлемдегі бай державалардың біріне айналады! Тәуелсіздікке қол жеткізуді бұл ел дамуының бастапқы кезеңі ғана. Біз болашақ үшін өмір сүріп, мықты мемлекет жасауымыз керек. Тек осылай ғана біз әкелер мен аталар ұрпағының біз үшін жасаған барлық істерін сақтаймыз. Біз мақтан тұтатын нәрсе бар. Біз-Тәуелсіз Қазақстанның бақытты ұрпағымыз!


Назым НҰРТАЙҚЫЗЫ.

**Н.НАЗАРБАЕВ.**

## ҚУАТ ТЕРІБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА - 130 ЖЫЛ!

Қазақтың дәстүрлі әдебиетінің аса дарынды, асқақ жаратылған алып тұлғаларының бірі – жерлесіміз Қуат Терібаев ақынның туғанына биыл 130 жыл толды. Ол кезінде ұлы Жамбыл Жабаевтың өзімен терезесі тең түскен, екеуі де бір мезгілде Қазақстанның халық ақыны атағын алған ақтангер ақын.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы айтыстарды зерделеген Мұхтар Әуезовтың өзі оның 1936 жылғы өнерін көріп, «Тұйғын ақын» деген баға берген екен. Бұл әрине, әлем таныған ұлы жазушының аузынан шыққан дуалы сөз, әділ



## Жетісуға әйгілі Терібаев ҚУАТТЫҢ

баға деп білеміз. Оған Қуат атамның кез - келген айтысы немесе өлеңдері айғақ бола алады. Мерейтой құрметіне ақынның туған ауылы Көкөзекте зәулім мәдениет үйі салынып, оған Қуат Терібаевтың есімі берілді. Ол жастайынан ауыз әдебиеті үлгілерін, қисса, дастан, айтыс өлеңдерді көп тыңдап, оқып өскен. Тайкөт ақыннан, Өсет Найманбаевтан Абай өлеңдерін, «Татьяна – Онегин», «Қозы Көрпеш - Баян сұлу», «Қыз Жібек» дастандарын жаттап алады. Оның жырлаған «Татьяна – Онегин» дастанының нұсқасы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланады. Отан, жаңа тұрмысқа бейімделген ауыл өмірі, т.б. тақырыптарда жырлар толғады. Соғыс жылдары «Күшіне қаһармандық мінді халқым», «Ел сәлемі – ерлерге» атты өлеңдерімен халықты фашизмге қарсы күреске шақырды. «Күнсағила», «Қайтқан кек», «Айжан – Жанша» поэмаларымен бірнеше өлеңдері «Өмір жыры» (1951) деген атпен жеке кітап болып жарияланды.

өлеңдері енген. «Көкөзек», «Ағынды Ақсу» атты кітаптары жарық көрді. Айтыскер ақын ретінде Республикалық, облыстық сайыстарда бірнеше рет жүлдеге ие болды. Төлеу Көбдіков, Жақсыбай Жантөбетов, Қалқа, Жапсарбаевпен айтысқан.

Халық ақыны Қуат Терібаев екі заманның куәгері. Оның ақындық творчествосы әр қыры, солай десек те, жалынды жырларында негізінен советтік дәуір шындығы бейнеленеді. Ол ақындық шеберлікті айтыскерлік және дастаншылдықпен ұштастырып, Жетісу жерінде алдыңғылардың бірі, ал, Ақсу алабында жеке дара «Қазақ ССР-інің халық ақыны» деген құрметті атаққа ие болды, ССР Жазушылар одағының мүшелігіне Ілиястан соң өтті. Қуат Ілияспен бауырлас (Қуат - емелеліден, Ілияс - қайнардан), Ілияс дүлдiл ақын болып, Қуат тұйғын ақын болып, арттағы ұрпақтарына өшпес мұра қалдырып кетті.

Ақбота СЛЯМОВА,  
Терібаев мектебі, мектеп алды даярлық тобының мұғалімі.

## ТӘУЕЛСІЗДІК МӘНГІ БОЛҒАЙ!

1991 жылы елімізге келген тәуелсіздік, қазақстан халқы үшін жақсылықтарға бастар жол болды. Биылғы жыл еліміз үшін елеулі жылдардың бірі. Себебі, биыл Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне отыз жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде, яғни, тәуелсіздік алған жылдары еліміз мол табыстарға қол жеткізді деп айтуға болады. Осы уақытқа дейін еліміздің экономикасы жанданып, халықтың әлеуметтік жағдайы көтеріліп, басқа да түрлі салалар көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Еліміз көркейіп, алға қарай қарқынды даму жолында мол табыстарға кенелді. Елімізде болып жатқан жақсылықтардың барлығы осы тәуелсіздігіміздің жеңісі деп білемін.



Биікте көктуымыз желбіреп, аспанда әнұранымыз қалықтап, еліміздің еңсесі түспей, Қазақстанымыз одан әрі дами берсін. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мәңгі болғай.

Динара МҰХАМЕТАЛИНА,  
Ақсу ауданының жастар ресурстық орталығының психолог маманы.

## Жасасын мәңгі Тәуелсіздік!

Тәуелсіздік таңым атты бүгінде,  
Көтеріліп елімнің еңсесінде,  
Көктуымыз желбіреп биіктерде,  
Әнұранымыз шарықтады көгімде.

Тәуелсіздік нұрын шашты жеріме,  
Көркейіп ауыл, қала елімде,  
Қазақстан жаңарып отыз жылда,  
Жетіпті талай - талай жетістікке.

Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын;  
Қазақстан гүлденіп, жайнай берсін.  
Елімде орнап ылғи бейбітшілік,  
Жасасын мәңгілікке тәуелсіздік!

Перизат МҰХАМЕТАЛИНА,  
Көкөзек ауылы.

## БІЗ БІРГЕМІЗ!



Тәуелсіздік бұл дүниедегі тір тіршіліктің сезінетін бақыты. Ал, тәуелді ағзалар сол бостандықты сезіну үшін барлығына барады. Оған мысал, 30 жыл бұрынғы Қазақстанның көрінісі.

Ұлы хандардан мұра болған кең далаға, 1731 жылдың 19 ақпанында Ресей империясының ызғарлы екпіні табан тіреген еді. Тәңірдің сыйы ма жоқ әлде екі ғасыр бойы тепершілік көрген қазағымның еңбегі еленді ме, Тәуелсіздікке 1991 жылы 16 желтоқсанда қолымыз жетті. Әрине қаралы күндерді қайта – қайта еске түсіргіміз келмейді. Бірақ, «Тәуелсіздік» сөзін естіген сайын денем түршігіп, оның қандай жолмен келгені көз алдыма келеді.

Менің ойымша алдыға қойған мүддені орындап, мақсатқа нық сеніммен қадам басып, жарқын болашаққа өзіміз үшін әрекет ету керекпіз. Себебі, бүгінгі өскелең ұрпақ, яғни біз – Қазақстанның ертеңгі болашағымыз.

Бойымызда Қайрат, Ләзаттардікіндей қайратты рух, Абайдай ұшқыр сана, Әлия мен Мәншүктердей орынды мінез, Алаш зиялыларындай ұлтқа махаббат, адалдық, арғы бабаларымыздай батырлық бәріміздің бойымызда болмаса да, тұла бойымызда ұйықтап жатқан бір күштің бары-

на сенемін. Тек сол күшті оята білу керекпіз.

Өз пікірім бойынша қазақ жастары Тәуелсіз елдің қандай болуы керек? Тәуелсіз елдің ұрпағы болғандықтан еркін мемлекетте өз ойымызды ашық айта алатын, өзінің алып – қосары бар, көкірегі ояу, көзі ашық, білімді, бәсекеге қабілетті, ең бірінші өзін емес, ұлт мүддесін қорғайтын азамат, азаматша және де өз еліне адал, сүйіспеншілікті ұрпақпыз. 30 жыл – аз уақыт емес. Құдды бір адамның тағдыры, ғұмыры секілді. Осы уақыт бойы біз қандай жетістіктерге жеттік? 1991 жылы әлсіреген мемлекеттен - дербес мемлекет құру қолымыздан келді ме? Ата – баба үмітін ақтадық па? Мұның нақты жауабы жоқ. Себебі біз әрқашан дамимыз. Бақытты Қазақстанды құрайтын фактордың бірі – ол біз жас ұрпақ. Сенің бүгін істеген жақсылығың болсын, қателігің болсын ертеңгі болашағың. Ертеңгі болашақ бүкіл Қазақстанға әсер етеді.

Екі ғасыр аңсаған Тәуелсіздігімізді ұстап тұру өз қолымызда. Біз қиындықта да, қайғыда да біргеміз.

Аяжан ТІЛЕКТЕС,  
Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп – гимназиясының 11-сынып оқушысы.

## Ұлы даланың жеті қыры - ұлт тарихының жаңғыруы

### РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Біздің қазақ халқымыздың сан ғасырлық тарихы сонау теренде жатыр. ХХІ ғасырға қандай деңгейде аяқ басқанымызды білу әр перзенттің міндеті. Әлемде әр түрлі халық өз мәдениетін, салт - санасын жоғары дәрежеге қояды. Сондықтан да қазіргі таңда жеткен жетістіктеріміз ата - бабаларымыздың ерен еңбегі мен қажымас қайратының арқасы деуге болады.

Бұл мақаласында Ұлт көшбасшысы тарихи сананы жаңғырту қажеттілігін тағы да алға тарта келе жазылған, ежелгі дәуірден қазіргі дәуірге дейінгі кезеңді қамтитын тарихымызды, ұлттық құндылықтарымызды санамызда жаңғыртуымыз болып табылады. Ұлы дала елінің бүгінгі мұрагерлері тәуелсіз, бірлігі мен берекелі тыныс - тіршілігі ұйысқан еліміздің әлемдік өркениетте алатын орыны айқындалып, Қазақстан сан ғасырлық тарихтың ғана емес, әлемдік өркениет қазынасына енетін бай мәдени игіліктің иесі екендігін жас ұрпақтың санасына сіңіру, зерделеу, насихаттау аса маңызды міндет екені айқындалған.

**Алима ШАПИЫҚ,**  
Арасан ауылдық кітапханасының кітапханашысы, «Nur Otan» партиясының мүшесі.

## Бұл - ұлттық жаңғыру

Рухани жаңғыру - адам баласының ішкі жан дүниесінің тазалағы, жақсылықтар мен игі істер жасауға ұмтылуы. Рухани жаңғыру - табысты ел болуымыздың кепілі. Ұлттық болмысымызды сақтап қалу, білімге баулу, бәсекеге қабілеттілікті арттыру осы бір бағытта қарастырылған. Мақаладағы рухани өрлеу, рухани жаңғыруды біздің дамуымыздың ең басты тұғырларының бірі деп есептеймін. Әр халық, әр мемлекет ғасырлар беделінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал, рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің рөлі зор. Рух үшін өмір сүрген өмір ғана рахатқа жеткізеді дегеніндей рухымызды көтеріп, руханилық жағына тереңірек үңілетін күн туды.

Сондай-ақ, Елбасы өз мақаласында қазіргі жаһандану заманында ұлттық бірегейлікті сақтап қалу, өркениеттің жақсысын алып, жаманынан жірену жөнінде өте құнды пікірлер айтты. Ендігі міндет - осы айтылғандарды іске асыру жолында көптеген іс-шаралар өтілуде. Б.Сырттанов ауылдық кітапханасында «Рухани жаңғыру - Ұлттық жаңғыру», «Рухани жаңғыру - тұлғалар тағылымы», «Рухани жаңғыру - ұлтты ұйыстыратын ұлы құндылық» атты іс-шаралар атқарылуда.

Мақсаты - ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелу, қазақтың ежелгі қағидасын мықтап ұстануға шақыру, құндылықтарды сақтау, дамыту, қалыптастыру. Тұңғыш Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы өткеннің өнегесін ұмытпауға, тарихтың тәлімін ұлықтауға үндейді. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрді насихаттаумен қатар елі үшін еңбек етіп, артына үлгі болар іс қалдырған азаматтарды бүгінгі буынға үлгі етуге шақырады.

Ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз. Ең бастысы - бағыт - бағдарымыз анық, жолымыз жарқын.

**Назира АУБАКИРОВА,**  
Б.Сырттанов ауылдық кітапханасының кітапханашысы, «Nur Otan» партиясының мүшесі.

## Сыбайлас жемқорлықпен күресу - ортақ міндетіміз

### AQJAIYQ ADALDYQ ALAŃY

Қызылағаш ауылдық модельді кітапханасында ҚР ұлттық академиялық кітапханасының бастау алған «Адалдық алаңы» жобасы аясында «Парасат жолы» орталығы ашылған болатын. «Парасат жолы» орталығының мақсаты - адалдық пен парасаттылықты, ізгілік пен әділдікті дәріптеп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің мәнін түсіндіру болып табылады. 17 қыркүйек күні «Сыбайлас жемқорлықпен күресу - ортақ міндетіміз» атты тақырыпта кездесу сағаты өтті. Мақсаты - қоғамда парасаттылық, әділдік, адалдық, қағидаларын қалыптастыру.

Шараға аудандық мәслихат депутаты М.Д.Естібаев, мәдениет үйінің музыкалық жетекшісі және «Адалдық алаңының» мүшесі Жағыпар Қайдар, кітапхананың тұрақты оқырмандары қатысты. Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық бүкіл әлемді алаңдатып отыр. Осы сыбайлас жемқорлықпен перменді күресу үшін орталық ашылды. «Адалдық алаңының» мүшесі Жағыпар Қайдар шарада өз ойын жеткізді. Қазақстан үшін сыбайлас жемқорлықты жою мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының біріне айналуы. Жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке қауіп - қатерге төніп тұрған басты мәселенің бірі. Сондықтан жемқорлықпен халық болып күресу үшін әр ауданда, облыстық кітапханаларда, ауылдарда «Парасат жолы» атты орталық ашылуы. Сондай-ақ, әдебиет және руханиятты негізге ала отырып, келелі өңгімелер арқылы қоғамда парасаттылық идеологиясын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлу. Себебі, парасатымыздың қайнар көзі ол әрние кітап. Себебі, кітапхана парасаттылық пен әділдіктің ордасы. Жемқорлықтың елімізде кеңінен етек алуы халықтың рухани білімін, кітаптан алшақ етуінен деп білеміз. Сондықтан да осы заңнамалық, өзіндік салт - дәстүрлеріміздің ұстамдылық кітаптарды және әдеби кітаптарымызды толықтай оқып, заңды сауаттылығымызды арттыра білсек, оны өзгелерге насихаттай білсек, ел болып осы жемқорлықтың түп - тамырына балта шабамыз деген ойдамыз.

Құрметті оқырмандар! Әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің», - деген аталы сөзді ағамыз бекер айтпаған. Әр адам мемлекеттік заңдарды құрметтеп, ата - бабамыздың тәжірибесін үнемі назарда ұстап отыруы тиіс.

**Саңита ХАСАНОВА,**  
Қызылағаш ауылдық модельді кітапханашысы.

## Ұлт болашағы - Ана тілінде



Тіл - сарқылмас қазына. Ұлт көшбасшысы айтқандай, әр азамат өзінің ұлттық тілін, ұлт-тық құндылықтарын білуі тиіс. Тіл біздің болмысымыз, оның қатысуынсыз ештеңе болмайды. Жалпы қазақ халқы өзінің шешендігімен және даналығымен ерекшеленеді. Мақал - мәтелдердің мағынасына үңіліп қарасаң үлкен даналықты байқайсың.

Тіл - ұлттың байығы. Ал, ұлттың болашағы - оның ана тілі. Тіл халықпен бірге өмір сүріп дамиды. Әр ұлттың басты тірегі. Елбасы Н.Ә.Назарбаев халықтың болашағы туралы тереңнен жалғай отырып, «мемлекеттің ең басты дүниесі тек қана байлық емес, сонымен қатар ана тіліміздің болашағы», - деген болатын. «Ана тілін үйрену - ұлы іс, өркім өз ана тілінде сөйлеу керек. Ең жақсы тіл - ана тілі», - дейді Сәбит Мұқанов. Ана тілін жетік білу, таза сөйлеу мәдениеттіліктің белгісі. Тіл бар жерде - ел бар.

Елбасы «Қазақстан - 2050» Стратегиясында: «Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін өркім өзгені емес, алдымен өзін қамшылауы тиіс. Тағы да қайталап айтамын: Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін. Сонда ғана қазақ тілі барша қазақстандықтардың жаппай қолданыс тіліне айналады. Тілге деген көзқарас, шындап келгенде, елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан оған бей-жай қарамайық. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді «Қазақ мемлекеті» деп айтатын боламыз», - деп атап өткен болатын. Міне, бүгінде мемлекеттік тілдің мәртебесі биіктей түсті. Елбасының БҰҰ мінберінде қазақша сөйлеуін ана тіліміздің халықаралық мінберге көтерілуі, - деп бағалаймыз. Бұл біздің көптен күткен мерейлі сәтіміз.

Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тілі болатындықтан, жүргізілетін барлық іс - қағаздармен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені, өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек. Әлемдегі дамыған елдердің қатарына қосылуды көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз, өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ. Ал, ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам бола алмайсың.

Тіл ата - бабамыздан бізге мұра бо-

лып келді. Осы мұраны көзіміздің қарашығындай сақтап, ақтық деміміз қалғанша қорғау парызымыз. Өзіміз қазақ болып туылғанға мақтанамын. Өйткені, шұрайлы қазақ тілінің сөз байлығы мені таңқалдырады. Қызықтырады. Бізде нағыз ұлтжанды патриоттар көбейсе, қазақ тілінің болашағы жарқын бола түсері анық. Мұқағали Мақатаев атамыз үш бақыттың біріне бағалаған қасиетті қазақ тілінің бүгінде қоғамда дәрежесі орта деңгейде. Әр ұлттың болашағы оның ана тілінде. Тіл жоғалса, ұлттың да болашағы бұлыңғыр болып жоғалып кетуі сөзсіз. Тіл қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ана тілі әрбір адамға ана сүтімен бірге дариды. Ұлтымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы «сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», - деген екен. Сол сөзді санасына құйып, жүрегімен ұғынып өскен әрбір қазақ баласы тілін ұмытпайды деген ойдамын.

«Ана тілі - ең басты байлығымыз. Ана тілі - халық болып жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп - өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі», - деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай әрбір жастық жүрегі елін, жерін сүйсе деймін. Тіл тағдыры - ел тағдыры екенін еш уақытта ұмытпайық. Әрбір адам өз ана тілін білуі және мемлекеттік тілін меңгеруге міндетті.

Б.Момышұлының «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту - бүкіл ата-бабамыздың тарихымызды ұмыту», - деген болатын. Сондықтан тілімізді ұмытпай, әлемдегі ең мықты, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену үшін қазақ тілін жоғары мәртебеде ұстауы керек деп білеміз. Тіл тағдыры - ел тағдыры екенін ешуақытта ұмытпайық. Әрбір адам өз ана тілін білу және мемлекеттік тілін меңгеру міндетті.

Мен ана тілімен мақтанамын және мемлекеттік тілін құрметтеймін!

**Раиса МҰРАТОВА,**  
Сағабүйен ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

## Менің менің - тірегімнің айғағы



Тіл қазақ халқының басты қасиетті байлығы. Осы байлығымызды ұрпағымызға қалдыру басты міндетіміз. 1989 жылы 22 қыркүйекте еліміз бойынша Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы қабылданды. 1990 жылы 22 қыркүйекте «Қазақ тілі қоғамы» құрылды. Оның себебі, тілімізді құрметтей отырып, әр ұлт өкіліне үйрету. Ата - бабамыздан мұра болып келе жатқан өз ұлттық туған ана тілімізді шұбарлануына ешқандай жол бермей тап-таза күйінде ұрпаққа жеткізе білуіміз керек. «Тілім менің - тірегімнің айғағы» атты апталықтың қорытындысы.

Тіл - әр халықтың ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып келе жатқан қасиетті құралы. Оны әр уақытта аялап, шұбарламай, кейінгі ұрпаққа жеткізу біздің борышымыз. 13-17 қыркүйек аралығында «Кәусар бөбекжай балабақшасында» тіл мерекесіне байланысты апталық өтті. Апталықтың тақырыбы «Тілім менің - тірегімнің айғағы». Мақсаты - жас ұрпақты ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан ана тілінің өресін әлемнің бай тілдер сатысына көтеру арқылы, білімдерін шыңдау және тіліне, халқына деген сүйіспеншілігін арттыру. Жас бүлдіршіндер аралығында әңгімелесу, сұрақ - жауап, ойын түрінде болды.

Апталық бірінші күні ашылу рәсімі яғни дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Баяндама оқылды, тәрбиеші ұстаздар көркем сөзді мәнерлеп оқыды. Мақал - мәтелдер жалғасын тапты. Тіл Заңына орай сұрақтар қойылды. Әр топта ашық оқу іс - әрекеттер ұйымдастырылды. «Қызғалдақ» тобында «Өз тілімді сүйемін» атты оқу іс-әрекеті ұйымдастырылды. Топ бүлдіршіндері оқу іс-әрекетіне жақсы деңгейде қатысты.

Осылай апталыққа жан-жақты атсалысып іс-шаралар өткізілді. Апта соңында мерекелік шараға әр топ бүлдіршіндерінің тіл туралы тақпақ өн, мақал - мәтелдерінен мерекелік кеш өтті. Ана - тіліміз қазақтілі өзінің даласындай кең пішілген жайдары жалпақ тіл. Қазақ сөзі қашанда даланың қоңыр желіндей аңқылдап, еркін есіп тұрады. Біз, қазақ болып болғанымыз үшін әлемде ең бай, ең сұлу тілде сөйлейтініміз үшін өзімізді бақытты сезінеміз.

**Меруерт БАЙСАЛБАЕВА,**  
Матай ауылының «Кәусар» балабақшасының тәрбиешісі.

**ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА**

Алматы облысы, Ақсу аудан әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланған соң 15 күнтізбелік күннен кейін, 10 жұмыс күні ішінде, 2021 жылдың 18 қазаннан 29 қазанға дейін қабылданады. Алматы облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5, Ақсу ауданының жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2021 жылдың 29 қазан 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2021 жылдың 01 қарашада 10 сағат 00 минутта мына мекен-жайда ашылады: Алматы облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсынысы;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауылшаруашылығы дақылдардың өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауылшаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауылшаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауылшаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауылшаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауылшаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертке ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және "жылғы \_\_\_\_\_" дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72832) 2-21-26 телефон арқылы хабарласуға болады.

**АҚСУ АУДАНДЫҚ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ**

| №       | Орналасқан жері          | Алаңы, га. | Алқап құрамы  | Топырақтың сапалық сипаттамасы   | Балл бонитеті | Су көздерімен қамтасыз етілуі | Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы |
|---------|--------------------------|------------|---------------|--|---------------|-------------------------------|---------------------------------------|
| 1 (7)   | Қызылағаш ауылдық округі | 5,5        | Төлім егістік | Көдімгі сұр топырақ Жөніл сазды төлім  | 10,0          | Қажет емес                    | Мамандандырылған                      |
| 2 (8)   | Қызылағаш ауылдық округі | 5,5        | Төлім егістік | Көдімгі сұр топырақ Жөніл сазды төлім  | 10,0          | Қажет емес                    | Мамандандырылған                      |
| 3 (9)   | Қызылағаш ауылдық округі | 5,5        | Төлім егістік | Көдімгі сұр топырақ Жөніл сазды төлім  | 10,0          | Қажет емес                    | Мамандандырылған                      |
| 4 (32)  | Қызылағаш ауылдық округі | 5,6        | Төлім егістік | Көдімгі сұр топырақ Жөніл сазды төлім  | 10,0          | Қажет емес                    | Мамандандырылған                      |
| 5 (48)  | Қызылағаш ауылдық округі | 5,5        | Төлім егістік | Көдімгі сұр топырақ Жөніл сазды төлім  | 10,0          | Қажет емес                    | Мамандандырылған                      |
| 6 (49)  | Қызылағаш ауылдық округі | 5,5        | Төлім егістік | Қара-сарғылт саздақты аралас қара-сарғылт кемісті орташа тастақты 10-30% және қара-сарғылт сәл жуылатын 10-30% | 23,9          | Қажет емес                    | Мамандандырылған                      |
| 7 (50)  | Қызылағаш ауылдық округі | 5,5        | Төлім егістік | Қара-сарғылт саздақты аралас қара-сарғылт кемісті орташа тастақты 10-30% және қара-сарғылт сәл жуылатын 10-30% | 23,9          | Қажет емес                    | Мамандандырылған                      |
| 8 (51)  | Қызылағаш ауылдық округі | 6,0        | Төлім егістік | Қара-сарғылт саздақты аралас қара-сарғылт кемісті орташа тастақты 10-30% және қара-сарғылт сәл жуылатын 10-30% | 23,9          | Қажет емес                    | Мамандандырылған                      |
| 9 (52)  | Қызылағаш ауылдық округі | 5,32       | Төлім егістік | Қара-сарғылт саздақты аралас қара-сарғылт кемісті орташа тастақты 10-30% және қара-сарғылт сәл жуылатын 10-30% | 23,9          | Қажет емес                    | Мамандандырылған                      |
| 10 (53) | Қызылағаш ауылдық округі | 5,5        | Төлім егістік | Қара-сарғылт саздақты аралас қара-сарғылт кемісті орташа тастақты 10-30% және қара-сарғылт сәл жуылатын 10-30% | 23,9          | Қажет емес                    | Мамандандырылған                      |
| 11 (54) | Қызылағаш ауылдық округі | 5,5        | Төлім егістік | Қара-сарғылт саздақты аралас қара-сарғылт кемісті орташа тастақты 10-30% және қара-сарғылт сәл жуылатын 10-30% | 23,9          | Қажет емес                    | Мамандандырылған                      |

**ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА**

Ақсуский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Ақсу өңірі» и интернет-ресурсе Акимата Ақсуского района объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявка на участие в конкурсе (конкурсная документация) будет приниматься по истечении 15 календарных дней после публикации, в течении 10 рабочих дней; с 18 октября по 29 октября 2021 года по адресу: (Алматинская область, Ақсуский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан, 5,) в кабинете отдела земельных отношений Ақсуского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается: 29 октября 2021 года, в 18 часов 30 минут.

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена 01 ноября 2021 года в 10 часов 00 минут (Алматинская область, Ақсуский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан 5,) в кабинете заместителя Акима района.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количества создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: " \_\_\_\_ " \_\_\_\_ года" (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72832) 2-21-26 (районное управление земельных отношений).

**ОТДЕЛ ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АҚСУКОГО РАЙОНА.**

| №       | Местоположение               | Площадь га | Состав угодий  | Качественная характеристика почв  | Балл бонитет | Водообеспеченность | Сельскохозяйственная специализация региона |
|---------|------------------------------|------------|----------------|---|--------------|--------------------|--|
| 1 (7)   | Қызылағашский сельский округ | 5,5        | Богарная пашня | Сероземы обыкновенные легкосуглинистые богарные   | 10,0         | Не требуется       | Специализированный                         |
| 2 (8)   | Қызылағашский сельский округ | 5,5        | Богарная пашня | Сероземы обыкновенные легкосуглинистые богарные   | 10,0         | Не требуется       | Специализированный                         |
| 3 (9)   | Қызылағашский сельский округ | 5,5        | Богарная пашня | Сероземы обыкновенные легкосуглинистые богарные   | 10,0         | Не требуется       | Специализированный                         |
| 4 (32)  | Қызылағашский сельский округ | 5,6        | Богарная пашня | Сероземы обыкновенные легкосуглинистые богарные   | 10,0         | Не требуется       | Специализированный                         |
| 5 (48)  | Қызылағашский сельский округ | 5,5        | Богарная пашня | Сероземы обыкновенные легкосуглинистые богарные   | 10,0         | Не требуется       | Специализированный                         |
| 6 (49)  | Қызылағашский сельский округ | 5,5        | Богарная пашня | Темно-каштановые суглинистые в сочетании с темно каштановыми неполнаразвит среднокаменист 10-30% и темно-каш слабосмытыми 10-30% богарные | 23,9         | Не требуется       | Специализированный                         |
| 7 (50)  | Қызылағашский сельский округ | 5,5        | Богарная пашня | Темно-каштановые суглинистые в сочетании с темно каштановыми неполнаразвит среднокаменист 10-30% и темно-каш слабосмытыми 10-30% богарные | 23,9         | Не требуется       | Специализированный                         |
| 8 (51)  | Қызылағашский сельский округ | 6,0        | Богарная пашня | Темно-каштановые суглинистые в сочетании с темно каштановыми неполнаразвит среднокаменист 10-30% и темно-каш слабосмытыми 10-30% богарные | 23,9         | Не требуется       | Специализированный                         |
| 9 (52)  | Қызылағашский сельский округ | 5,32       | Богарная пашня | Темно-каштановые суглинистые в сочетании с темно каштановыми неполнаразвит среднокаменист 10-30% и темно-каш слабосмытыми 10-30% богарные | 23,9         | Не требуется       | Специализированный                         |
| 10 (53) | Қызылағашский сельский округ | 5,5        | Богарная пашня | Темно-каштановые суглинистые в сочетании с темно каштановыми неполнаразвит среднокаменист 10-30% и темно-каш слабосмытыми 10-30% богарные | 23,9         | Не требуется       | Специализированный                         |
| 11 (54) | Қызылағашский сельский округ | 5,5        | Богарная пашня | Темно-каштановые суглинистые в сочетании с темно каштановыми неполнаразвит среднокаменист 10-30% и темно-каш слабосмытыми 10-30% богарные | 23,9         | Не требуется       | Специализированный                         |



| №        | Орналасқан жері          | Алаңы, га. | Алқап құрамы  | Топырақтың сапалық сипаттамасы  | Балл бонитеті | Су көздерімен қамтасыз етілуі | Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы | №        | Местоположение               | Площадь, га | Состав угодий  | Качественная характеристика почв  | Балл бонитет | Водообеспеченность | Сельскохозяйственная специализация региона |
|----------|--------------------------|------------|---------------|---|---------------|-------------------------------|---------------------------------------|----------|------------------------------|-------------|----------------|---|--------------|--------------------|--|
| 34 (94)  | Қызылагаш ауылдық округі | 5,5        | Төлім егістік | Қара –сарғылт саздақты аралас қара-сарғылт кемісті орташа тастақты 10-30% және қара-сарғылт сәл жуылатын 10-30% | 26,5          | Қажет емес                    | Мамандандырылған                      | 34 (94)  | Қызылагашский сельский округ | 5,5         | Богарная пашня | Темно-каштановые суглинистые в сочетании с темно каштановыми неполноаразит среднокаменист 10-30% и темно-каш слабосмытыми 10-30% богарные | 26,5         | Не требуется       | Специализированный                         |
| 35 (95)  | Қызылагаш ауылдық округі | 6,55       | Төлім егістік | Қара –сарғылт саздақты аралас қара-сарғылт кемісті орташа тастақты 10-30% және қара-сарғылт сәл жуылатын 10-30% | 26,5          | Қажет емес                    | Мамандандырылған                      | 35 (95)  | Қызылагашский сельский округ | 6,55        | Богарная пашня | Темно-каштановые суглинистые в сочетании с темно каштановыми неполноаразит среднокаменист 10-30% и темно-каш слабосмытыми 10-30% богарные | 26,5         | Не требуется       | Специализированный                         |
| 36 (96)  | Қызылагаш ауылдық округі | 6,54       | Төлім егістік | Қара –сарғылт саздақты аралас қара-сарғылт кемісті орташа тастақты 10-30% және қара-сарғылт сәл жуылатын 10-30% | 26,5          | Қажет емес                    | Мамандандырылған                      | 36 (96)  | Қызылагашский сельский округ | 6,54        | Богарная пашня | Темно-каштановые суглинистые в сочетании с темно каштановыми неполноаразит среднокаменист 10-30% и темно-каш слабосмытыми 10-30% богарные | 26,5         | Не требуется       | Специализированный                         |
| 37 (97)  | Қызылагаш ауылдық округі | 5,5        | Төлім егістік | Қара –сарғылт саздақты аралас қара-сарғылт кемісті орташа тастақты 10-30% және қара-сарғылт сәл жуылатын 10-30% | 26,5          | Қажет емес                    | Мамандандырылған                      | 37 (97)  | Қызылагашский сельский округ | 5,5         | Богарная пашня | Темно-каштановые суглинистые в сочетании с темно каштановыми неполноаразит среднокаменист 10-30% и темно-каш слабосмытыми 10-30% богарные | 26,5         | Не требуется       | Специализированный                         |
| 38 (98)  | Қызылагаш ауылдық округі | 5,5        | Төлім егістік | Қара –сарғылт саздақты аралас қара-сарғылт кемісті орташа тастақты 10-30% және қара-сарғылт сәл жуылатын 10-30% | 26,5          | Қажет емес                    | Мамандандырылған                      | 38 (98)  | Қызылагашский сельский округ | 5,5         | Богарная пашня | Темно-каштановые суглинистые в сочетании с темно каштановыми неполноаразит среднокаменист 10-30% и темно-каш слабосмытыми 10-30% богарные | 26,5         | Не требуется       | Специализированный                         |
| 39 (99)  | Қызылагаш ауылдық округі | 6,0        | Төлім егістік | Қара –сарғылт саздақты аралас қара-сарғылт кемісті орташа тастақты 10-30% және қара-сарғылт сәл жуылатын 10-30% | 26,5          | Қажет емес                    | Мамандандырылған                      | 39 (99)  | Қызылагашский сельский округ | 6,0         | Богарная пашня | Темно-каштановые суглинистые в сочетании с темно каштановыми неполноаразит среднокаменист 10-30% и темно-каш слабосмытыми 10-30% богарные | 26,5         | Не требуется       | Специализированный                         |
| 40 (100) | Қызылагаш ауылдық округі | 5,5        | Төлім егістік | Қара –сарғылт саздақты аралас қара-сарғылт кемісті орташа тастақты 10-30% және қара-сарғылт сәл жуылатын 10-30% | 26,5          | Қажет емес                    | Мамандандырылған                      | 40 (100) | Қызылагашский сельский округ | 5,5         | Богарная пашня | Темно-каштановые суглинистые в сочетании с темно каштановыми неполноаразит среднокаменист 10-30% и темно-каш слабосмытыми 10-30% богарные | 26,5         | Не требуется       | Специализированный                         |
| 41 (101) | Қызылагаш ауылдық округі | 6,1        | Төлім егістік | Қара –сарғылт саздақты аралас қара-сарғылт кемісті орташа тастақты 10-30% және қара-сарғылт сәл жуылатын 10-30% | 26,5          | Қажет емес                    | Мамандандырылған                      | 41 (101) | Қызылагашский сельский округ | 6,1         | Богарная пашня | Темно-каштановые суглинистые в сочетании с темно каштановыми неполноаразит среднокаменист 10-30% и темно-каш слабосмытыми 10-30% богарные | 26,5         | Не требуется       | Специализированный                         |
| 42 (102) | Қызылагаш ауылдық округі | 5,5        | Төлім егістік | Қара –сарғылт саздақты аралас қара-сарғылт кемісті орташа тастақты 10-30% және қара-сарғылт сәл жуылатын 10-30% | 26,5          | Қажет емес                    | Мамандандырылған                      | 42 (102) | Қызылагашский сельский округ | 5,5         | Богарная пашня | Темно-каштановые суглинистые в сочетании с темно каштановыми неполноаразит среднокаменист 10-30% и темно-каш слабосмытыми 10-30% богарные | 26,5         | Не требуется       | Специализированный                         |

## АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

### Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84, 85, 86, 87-баптарына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6 тарауына, Қазақстан Республикасының «Жайылымдар туралы» Заңының 15-бабының 1-тармағына, 2021 жылғы 30 сәуірдегі Ақсу ауылдық округінің жергілікті қоғамдық бірлестіктермен өткен кездесулер хаттамасына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жеке ауладағы ауылшаруашылығы жануарларын жаю үшін, халықтың жайылым алқаптарға деген мұқтажын қанағаттандыру мақсатында 2022 жылғы 03 қантардан бастап меншік иелері мен жер пайдаланушылардан мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін иеліктен шығару басталсын.

2. Руслан Ахметчиннің уақытша пайдалануындағы, Ақсу ауылдық округінде орналасқан, кадастрлық №03-254-029-266 жалпы алаңы 100,0 га. жайылым жер телімінің мемлекет мұқтажы үшін 50,0 га. жайылым жер телімін мәжбүрлеп иеліктен шығару жүзеге асырылсын.

3. Алматы облысы, Ақсу ауданының жер қатынастары бөлімі, мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы қаулы жария етілген күннен бастап күнтізбелік үш күн аралығында жазбаша түрде жер пайдаланушыға хабарлау қажет, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Заңнамасында көзделген басқа да қажетті шаралар қабылданын.

4. Жер пайдаланушымен келісу тәртібін жүзеге асыру үшін, үндеу орны: Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5, екінші қабат Ақсу ауданының жер қатынастары бөлімінің кабинеті болып белгіленсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақсу ауданы әкімінің орынбасары С.Құсмолдинге жүктелсін.

Аудан әкімі

Е. БАЗАРХАНОВ

## АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

### Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84, 85, 86, 87-баптарына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6 тарауына, Қазақстан Республикасының «Жайылымдар туралы» Заңының 15-бабының 1-тармағына, 2020 жылғы 04 ақпандағы Қызылагаш ауылдық округінің жергілікті қоғамдық бірлестіктермен өткен кездесулер хаттамасына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жеке ауладағы ауылшаруашылығы жануарларын жаю үшін, халықтың жайылым алқаптарға деген мұқтажын қанағаттандыру мақсатында 2022 жылғы 03 қантардан бастап меншік иелері мен жер пайдаланушылардан мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін иеліктен шығару басталсын.

2. Шеге Нәсіпқожаның уақытша пайдалануындағы, Қызылагаш ауылдық округінде орналасқан, кадастрлық №03-254-097-732 жалпы алаңы 200,0 га. жайылым жер телімінің 50 га. жайылым жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару жүзеге асырылсын.

3. Алматы облысы, Ақсу ауданының жер қатынастары бөлімі, мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы қаулы жария етілген күннен бастап күнтізбелік үш күн аралығында жазбаша түрде жер пайдаланушыға хабарлау қажет, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Заңнамасында көзделген басқа да қажетті шаралар қабылданын.

4. Жер пайдаланушымен келісу тәртібін жүзеге асыру үшін, үндеу орны: Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5, екінші қабат Ақсу ауданының жер қатынастары бөлімінің кабинеті болып белгіленсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақсу ауданы әкімінің орынбасары С.Құсмолдинге жүктелсін.

Аудан әкімі

Е. БАЗАРХАНОВ

## ПОСТАНОВЛЕНИЕ РАЙОННОГО АКИМАТА

### О принудительном отчуждении земельных участков для государственных нужд.

В соответствии со статьями 84, 85, 86, 87 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьями 31, 37 «О местном государственном управлении и самоуправлении Республики Казахстан», главой 6 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», пункт статьи 15 Закона Республики Казахстан «О пастбищах», согласно протоколу собрания от 30 апреля 2021 года с местными общественными объединениями Аксуского сельского округа акимат района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать с 03 января 2022 года принудительное отчуждение собственников земельных участков и землепользователей для государственных нужд, для удовлетворения нужд населения в пастбищных угодьях для выпаса сельскохозяйственных животных личного подворья.

2. Осуществить в отношении земельного участка, находящегося во временном землепользовании Ахметчина Руслана принудительному отчуждению для государственных нужд 50,0 га пастбищного земельного участка из 100,0га. пастбищных угодий с кадастровым №03-254-029-266 расположенный в Аксуском сельском округе.

3. Отделу земельных отношений Аксуского района, Алматинской области в течении трёх календарных дней после опубликования постановления о принудительном отчуждении земельного участка для государственных нужд письменно уведомить землепользователей, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

4. Местом обращения землепользователей для осуществления согласительных процедур определить: Аксуский район, село Жансугурова, улица Желтоқсан №5, кабинет отдела земельных отношений Аксуского района.

5. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима Аксуского района Кусмолдина С.

Аким района

БАЗАРХАНОВ Е.

## ПОСТАНОВЛЕНИЕ РАЙОННОГО АКИМАТА

### О принудительном отчуждении земельных участков для государственных нужд.

В соответствии со статьями 84, 85, 86, 87 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьями 31, 37 «О местном государственном управлении и самоуправлении Республики Казахстан», главой 6 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», пункт статьи 15 Закона Республики Казахстан «О пастбищах», согласно протоколу собрания от 04 февраля 2020 года с местными общественными объединениями Кызылагашского сельского округа акимат района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать с 03 января 2022 года принудительное отчуждение собственников земельных участков и землепользователей для государственных нужд, для удовлетворения нужд населения в пастбищных угодьях для выпаса сельскохозяйственных животных личного подворья.

2. Осуществить в отношении земельного участка, находящегося во временном землепользовании Шега Нәсіпқожа принудительному отчуждению для государственных нужд 50,0 га пастбищного земельного участка с кадастровым №03-254-097-732 расположенный в Кызылагашском сельском округе.

3. Отделу земельных отношений Аксуского района, Алматинской области в течении трёх календарных дней после опубликования постановления о принудительном отчуждении земельного участка для государственных нужд письменно уведомить землепользователей, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

4. Местом обращения землепользователей для осуществления согласительных процедур определить: Аксуский район, село Жансугурова, улица Желтоқсан, №5, кабинет отдела земельных отношений Аксуского района.

5. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима Аксуского района Кусмолдина С.

Аким района

БАЗАРХАНОВ Е.

## АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы. Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84, 85, 86, 87-баптарына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6 тарауына, Қазақстан Республикасының «Жайылымдар туралы» Заңының 15-бабының 1-тармағына, 2021 жылғы 20 қыркүйектегі Қапал ауылдық округінің жергілікті қоғамдық бірлестіктермен өткен кездесулер хаттамасына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін, халықтың жайылым алқаптарға деген мұқтажын қанағаттандыру мақсатында 2022 жылғы 03 қантардан бастап меншік иелері мен жер пайдаланушылардан мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін иеліктен шығару басталсын.

2. «Күреңбел» ЖШС-ң уақытша пайдалануындағы, Қапал ауылдық округінде орналасқан, кадастрлық №03-254-105-633 жалпы алаңы 205,1 га. жайылым жер телімінің 12 га. жайылым жер учаскесін, кадастрлық №03-254-105-732-607 жалпы алаңы 1728,9 га. жайылым жер телімінің 94 га. жайылым жер учаскесін, кадастрлық №03-254-105-732-640 жалпы алаңы 912,8 га. жайылым жер телімінің 260 га. жайылым жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару жүзеге асырылсын.

3. Алматы облысы, Ақсу ауданының жер қатынастары бөлімі, мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы қаулы жария етілген күннен бастап күнтізбелік үш күн аралығында жазбаша түрде жер пайдаланушыға хабарлау қажет, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Заңнамасында көзделген басқа да қажетті шаралар қабылданын.

4. Жер пайдаланушымен келісу тәртібін жүзеге асыру үшін, үндеу орны: Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5, екінші қабат Ақсу ауданының жер қатынастары бөлімінің кабинеті болып белгіленсін.

5. Осы Қаулының орындалуын бақылау Ақсу ауданы әкімінің орынбасары С.Құсмолдинге жүктелсін.

АУДАН ӘКІМІ

Е. БАЗАРХАНОВ

## АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы. Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84, 85, 86, 87-баптарына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6 тарауына, Қазақстан Республикасының «Жайылымдар туралы» Заңының 15-бабының 1-тармағына, 2021 жылғы 20 қыркүйектегі Матай ауылдық округінің жергілікті қоғамдық бірлестіктермен өткен кездесулер хаттамасына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін, халықтың жайылым алқаптарға деген мұқтажын қанағаттандыру мақсатында 2022 жылғы 03 қантардан бастап меншік иелері мен жер пайдаланушылардан мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін иеліктен шығару басталсын.

2. «Фирма Каратал» ЖШС-ң уақытша пайдалануындағы, Матай ауылдық округінде орналасқан, кадастрлық №03-254-067-148 жалпы алаңы 15014 га. жайылым жер телімінің 5000 га. жайылым жер учаскесін, мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару жүзеге асырылсын.

3. Алматы облысы, Ақсу ауданының жер қатынастары бөлімі, мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы қаулы жария етілген күннен бастап күнтізбелік үш күн аралығында жазбаша түрде жер пайдаланушыға хабарлау қажет, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Заңнамасында көзделген басқа да қажетті шаралар қабылданын.

4. Жер пайдаланушымен келісу тәртібін жүзеге асыру үшін, үндеу орны: Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5, екінші қабат Ақсу ауданының жер қатынастары бөлімінің кабинеті болып белгіленсін.

5. Осы Қаулының орындалуын бақылау Ақсу ауданы әкімінің орынбасары С.Құсмолдинге жүктелсін.

АУДАН ӘКІМІ

Е. БАЗАРХАНОВ.

## ПОСТАНОВЛЕНИЕ РАЙОННОГО АКИМАТА

О принудительном отчуждении земельных участков для государственных нужд.

В соответствии со статьями 84, 85, 86, 87 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьями 31, 37 «О местном государственном управлении и самоуправлении Республики Казахстан», главой 6 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», пункт статьи 15 Закона Республики Казахстан «О пастбищах», согласно протоколу собрания от 20 сентября 2021 года с местными общественными объединениями Кызылагашского сельского округа акимат района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать с 03 января 2022 года принудительное отчуждение собственников земельных участков и землепользователей для государственных нужд, для удовлетворения нужд населения в пастбищных угодьях для выпаса сельскохозяйственных животных личного подворья.

2. Осуществить в отношении земельного участка, находящегося во временном землепользовании ТОО «Куренбел» принудительному отчуждению для государственных нужд 12 га. пастбищного земельного участка из 205,1 га. с кадастровым №03-254-105-633, 94 га. пастбищного земельного участка из 1728,9 га. с кадастровым №03-254-105-607 и 260 га. пастбищного земельного участка из 912,8 га. с кадастровым №03-254-105-640, расположенный в Капальском сельском округе.

3. Отделу земельных отношений Аксуского района, Алматинской области в течении трёх календарных дней после опубликования постановления о принудительном отчуждении земельного участка для государственных нужд письменно уведомить землепользователей, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

4. Местом обращения землепользователей для осуществления согласительных процедур определить: Аксуский район, село Жансугурова, улица Желтоқсан, №5, кабинет отдела земельных отношений Аксуского района.

5. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима Аксуского района Кусмолдина С.

АКИМ РАЙОНА

БАЗАРХАНОВ Е.

## ПОСТАНОВЛЕНИЕ РАЙОННОГО АКИМАТА

О принудительном отчуждении земельных участков для государственных нужд.

В соответствии со статьями 84, 85, 86, 87 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьями 31, 37 «О местном государственном управлении и самоуправлении Республики Казахстан», главой 6 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», пункт статьи 15 Закона Республики Казахстан «О пастбищах», согласно протоколу собрания от 20 сентября 2021 года с местными общественными объединениями Кызылагашского сельского округа акимат района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать с 03 января 2022 года принудительное отчуждение собственников земельных участков и землепользователей для государственных нужд, для удовлетворения нужд населения в пастбищных угодьях для выпаса сельскохозяйственных животных личного подворья.

2. Осуществить в отношении земельного участка, находящегося во временном землепользовании ТОО «Фирма Каратал» принудительному отчуждению для государственных нужд 5000га. пастбищного земельного участка из 15014 га. с кадастровым №03-254-067-148, расположенный в Матайском сельском округе.

3. Отделу земельных отношений Аксуского района, Алматинской области в течении трёх календарных дней после опубликования постановления о принудительном отчуждении земельного участка для государственных нужд письменно уведомить землепользователей, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

4. Местом обращения землепользователей для осуществления согласительных процедур определить: Аксуский район, село Жансугурова, улица Желтоқсан, №5, кабинет отдела земельных отношений Аксуского района.

5. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима Аксуского района Кусмолдина С.

АКИМ РАЙОНА

БАЗАРХАНОВ Е.

## АЗАМАТТАРДЫ 2021 ЖЫЛДЫҢ КҮЗІНДЕ МЕРЗІМДІ ӘСКЕРІ ҚЫЗМЕТКЕ КЕЗЕКТІ ШАҚЫРУ ЖӘНЕ ДӘРІГЕРЛІК САРАПТАМАДАН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Ақсу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде әскери есепте тұрған азаматтарды қыркүйек - желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке шақыру үшін 2003 – 1994 жылдары туылған азаматтарды алдын ала дәрігерлік сараптамадан өткізу жұмыстары, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы №561-ІІУ «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 5 ақпандағы №503 мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы Жарлығына сәйкес ұйымдастырылып, жүргізілуде.

Әскери есепте тұрған шақырылушылар шақыру қағазында белгіленген уақытында, алдын - ала зерделеу, дәрігерлік сараптамадан өту және керекті құжаттарды жинақтау үшін, аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімге келуге міндетті. Дәрігерлік сараптама қорытындысы нәтижесінде, әскерге шақыру комиссиясының шығарған шешіміне қарай, денсаулығы жарамды, кейінге қалдыруға жатпайтын азаматтар әскер қатарына алынады.

Мерзімді әскери қызметке отбасы жағдайы бойынша, білім алуы жағдайы үшін, денсаулығы жарамсыз азаматтар әскер қатарына шақыруға жатпайды.



Дені сау жігіттердің кейбірі әскери қызметтен жалтарып жатса, ал денсаулығына байланысты жарамсыз деп танылған жігіттердің көбі керісінше әскер қатарына барғысы келеді. Өйткені, мерзімді әскери міндетін өтеп қойына әскери билетін алған азаматтар, келісімшарт бойынша әскери қызметке немесе құқық қорғау органдарына және басқа да мекемелер заңға сәйкес әскери билетін талап ете отырып, жұмысқа қабылдайды.

Елімізді қорғау – ер азаматтың міндеті. Темірдей тәртіпке шындалып, әскери ортаға қанық болып, командирдің ата - анаға

арнаған алғыс хатын алып келіп жатқан жастарымыз баршылық. Сондықтан болар, әр әскерге шақыру жасындағы азаматымыз әскери киімді киіп, жауынгерлік рухты сезінгісі келеді.

«Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды», - деп айтқан Ұлы Отан соғысының даңқты жауынгері, жазушы, қазақтың ер жүрек батыры Бауыржан Момышұлының дана сөзі болашақ Отансүйгіш жастар санасына үлкен ой салып, рухын көтереріне сенім білдіреді.

18 жас пен 27 жасқа дейінгі аралықтағы азаматтар өздерінің тұрғылықты жері бойынша қорғаныс істері жөніндегі бөліміне келіп, әскери есептерін анықтаулары қажет. Нақты себепсіз дәрігерлік тексерілуден өтпеген немесе мерзімді әскери қызметтен жалтарған азаматтар өздерінің әскери міндеттерін орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 647, 648 баптары бойынша жауапқа тартылады.

Керекті ақпарат алу үшін (8-728-32)-2-19-18; 2-20-29 байланыс телефондарына хабарласуға болады.

**Д.НҮРТӨЛЕУҰЛЫ,**  
Ақсу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, майор.

### • АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ НАЗАРЫНА!

## Ит пен мысықты асырау және серуендету қағидалары

«Алматы облысының ветеринария басқармасы» ММ «Ветеринариялық пункттері бар Ақсу ауданының ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Алматы облыстық маслихатының 2019 жылғы 31 шілдесіндегі «Алматы облысында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы» №51-257 шешіміне сәйкес иесіз иттер мен мысықтарды аулау жұмыстарын жүргізуде. 2021 жылдың басынан бері Ақсу ауданы бойынша 1011 бас, оның ішінде 966 бас ит, 45 бас мысық бос жүрген, иесі табылмаған иттер ауланып жойылды.

Жыл басында яғни, қаңтар - наурыз айлары аралығында, аталған ереже талаптарымен (ит пен мысықты ұстау, асырау, серуендету) ауыл тұрғындары таныстырылған. Алайда, меншіктеріндегі иттерін байламай, қамаламай босата салатын жағдайлар жиі орын алуда. Өкінішке орай, көшеде, қоғамдық орындарда бос жүрген иттердің иелерін анықтау мүмкін емес. Босқын иттерді аулаушы топта жұмысын үздіксіз жүргізуде.

Адамға, иттер мен мысықтардан жұғуы мүмкін аурулардың және жарақаттау арқылы тигізетін зиянды алдын алу үшін әр жануар иесінің жауапкершілігінің көтерілуі тиіс. Ит пен мысықтан жұғатын ауруларға шалдығу немесе олардың жарақаттануынан келетін зардапты кез келген адам тартуы мүмкін екенін естен шығармау қажет.

Ит пен мысықты асырау және серуендету қағидаларына қосымша төмендегі шараларды орындауға атсалысуларыңызды сұраймын.

- жаңадан пайда болған ит пен мысықтарды ветеринариялық дәрігерлерге тіркеуге қою;

- уақытылы құтырық ауруына қарсы ектіру;

- эхинококк ауруына қарсы препараттарды қабылдату;

- қажет емес жаңа туған күшіктерді қаңғытып тастай салмай, жергілікті ветеринариялық дәрігерлерге өткізу;

- Туған - туыс, көрші – көлең, таныстардың бос жүрген иттерін көрген жағдайда билетін ережелер туралы айту, тиісті әкімшілік мамандарына хабарлау қажет.

**Ұлан ЕСБОЛАТОВ,**  
«Алматы облысының ветеринария басқармасы» ММ  
«Ветеринариялық пункттері бар Ақсу ауданының ветеринариялық станциясы» ШЖҚМҚК директорының міндетін атқарушысы.

# ӘЛЕМДІ МОЙЫНДАТҚАН СПОРТ МАЙТАЛМАНЫ ЕДІ...



Молдахмет аға мен Қатипа төтемідің отбасында алғаш келген сәбидің аты батыр нағашысының құрметіне Нұрмұхамед деп қойылды. Бұл сонау 1947 жылдың ақпаны еді. Батыр нағашысы Жөкеев Нұрмұхамед Баянжүрек – Сағабүйен өңірінен 300 үйді аласапыранда арғы бетке Қытай асырып кетіп еді. Соншама қазақты сақтап қалған атамыздың қарындасы Әйніш апамыз нәресте Нұрмұхамедтің әжесі, Молдахмет ағамыздың анасы еді. Бауырына деген сағыныш батыр отбасының есімін жас нәрестеге бергізген еді.

Нұрмұхамед ағамыз (Нүкетай деп кеткен) зор денелі, өз құрбыларынан оқшау көрінетін. Өзінен кіші балаларға мейірімділік танытып, бұзықтау балаларға тиістірмейтін Нүкетай ағамызды отбасымыз туған жерге 1956 жылы оралғаннан жақсы білдім. Үйлеріміз көрші тұрды. Қызбай жатқан ойынды Нүкетай ағамыз келсе қыздырып жіберетін. Неше түрлі жаңа ойын ойлап тауып, түннің бір уағына дейін ойнаушы едік.

1954 жылы бірінші сыныпқа оқуға барды. Орысша сыныпта оқыды. Әйтеуір мен өз басым Нүкетай ағамызға қатты қызығатынмын. Өз қолымен есік алдына спорттық снарядтарды орнатып жаттығатын да жата-тын. Ол кезде қазіргідей спорт зал деген болмайтын. Ауылдың ортасындағы клубтың жанында ағаш ортасына жасалған волейбол, баскетбол алаңдары бар болатын. Сондай даладағы волейбол алаңы «Арасан – Қапал» шипажайында да бар болатын. Арасанның бозбала жігіттері сол алаңдарда үнемі доп ойнап тұратын. Солардың ішіндегі үлкен жігіттердей болып көрінетін Нүкетай ағамыздың доп алысына және жойқын соққыларына таң қалатынбыз.

Адам өзі бір іске арнайы туғандай болады ғой. Нүкетай

ка құрамасына мүше болуға шақырады. Бұл 1970 жыл еді. Содан Қазақстан волейболын дамытуға өз үлесін қоса білді. Сондай болса мен сондай едім деп еш мақтануды білмейтін. Өте қарапайым еді. Бала кезде бастан алған жарақат ақыры сыр бере бастады. Құраманың дәрігерлері ойын ойнауға жарамайды деп қорытынды шығарды. Мойымайтын жігіт ауылға келіп ауылдың таза ауасын жұтып, денсаулығын түзетуге кірісті.

Аяулы жеңгеміз Светаны осы ауылда жолықтырып, отау құрды. Асан атты ұл келді дүниеге. Қазір Талдықорған қаласында тұрады. Кәсіпкер. Қыздары Гүлмира мен Қарлығаш үйлі – баранды болып бір – бір отаудың иесі болып отыр. Құдай берген үш баланың арқасында сегіз немере, екі шөбере сүйді. Бақытты отбасының атасы болды. Өмір деген алдамшы деген рас қой. Волейбол спортына өзіндік үлес қосқан ағамыз Ақашев Нұрмұхамбет Молдахметұлы қыркүйек айының басында өмірден өтті. Арасан ауылының, ауданның, облыстың, республиканың волейболына зор үлес қосқан ағамыз соңғы сапарға аттанып кетті. Құдай бет алдынан жарылқасын, орыны бейіштің төрінен болсын.

Осы мақаланы білмейтін адамдар білсін деп, ал білетіндер болса есте сақтауымыз керек деген ниетпен жазып отырмын. Нүкетай ағамызды есте қалдыратындай шара ұйымдастырып ұмытпаса, нұр ұстіне нұр болар еді.

Денсаулығы сыр берсе де Нүкетай ағамыз бапкерлікті қолға алып, талай шәкірт тәрбиелеп шығарды.

**Батқалбеков Нұртілеу НҰРАХМЕТҰЛЫ, Арасан ауылдық Ардагерлер кеңесінің төрағасы.**

## Артикуляциялық жаттығулар арқылы балалардың тілін дамыту



Біздің ана тіліміз - қазақ тілінің келешегі балалардың сөйлеу мәдениетінің деңгейімен байланысты. Осы тұрғыда әр баланың тілін артикуляциялық жаттығулар арқылы жетілдіру, олардың сөйлеу мәдениеті қоғамдық қажеттілік болып табылады. Баланы қарым - қатынас ережелерімен қаншалықты ерте таныстырсақ, баланың сөйлеу құралдары соншалықты саналы және табиғи қалыптасады да, баланың сөйлеу мәдениетін жетілдіреді. Тіл дыбыстарын жасауда дыбыстау мүшелерінің қызыметін артикуляциялық жаттығу деп атайды. Артикуляциялық жаттығулар баланың дыбыстау, сөйлеу мүшелерінің қызыметі арқылы дыбыс шығару дағдысын қалыптастырады. Бұл жаттығуды жасағанда балалар сөйлеу мүшесінің жұмысын бақылау үшін міндетті түрде айнаны қолданады. Ойын тәсілін қолдана отырып алдағы орындалатын жаттығу туралы өңгімелеп беремін. Жаттығудың орындалу ретін көрсетіп берген соң, барлық бала орындайды. Жаттығу жасау арқылы баланың шығармашылыққа деген қабілеті артады. Артикуляциялық жаттығудың дұрыс орындалуын үнемі қадағалаймын. Балаға дұрыс орындалмағанын айтып, қалай дұрыс орындау керектігін көрсетіп, жетістігін айтып, мадақтап отыру керек.

Күн сайын 2-3 жаттығуды 3-5 минуттан өткізу қажет. Жаттығу жұмысы жеңілден күрделіге қарай жүргізіледі және ойын түрінде ұйымдастырылады. Баланың ең алдымен тіл бұлшық еттеріне, кейін ерінге арналған жаттығулар жүргізіледі. Артикуляциялық жаттығудың басым бөлігі тіл бұлшық етін созуға баланың тілінің дұрыс қалыптасуына көмегін тигізеді. Өйткені, баланың сөйлеу дикциясының анықтығы тіл ұзындығымен байланысты. Артикуляциялық жаттығулар сөздің дыбыстық құрамын анықтауға және анық айтуға көмектеседі, ұйқас пен ырғақ сезімін дамытады, анық дикцияны қалыптастырады, сөздің, сөйлемнің түрлі интонациялық сипаттамасын беру ептілігін жетілдіреді. Өзіміз күнделікті жұмыс барысында бүгінгі күнде оқушылармен жүргізілген артикуляциялық жаттығуларды іс тәжірибемде пайдаланып жүрмін. Оның ішінде «Ат шауып келеді», «Сағат» және «Өткеншек» жаттығуларын көп қолданамын.

Дикциялық жаттығулар барысында балалар қандай да бір сөйлемді, жаттаманы, жаңылтпашты айтқанда дұрыс тыныс дем ала білуі дәл артикуляция жасауы және жеке дыбысты сондай-ақ, буынды сөзді анық айта алады. Бүгінгі күнде жаттығу жасау әр бала үшін маңызды екенін естен шығармайық жас достар.

**Гүлзат РАЙҚҰЛОВА, «Қарасу негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің логопеді.**

## Туған жерім

### ТУҒАН ЖЕР БАЛА КӨЗІМЕН

Қайырлы күн, «Ақсу өңірі» газетінің редакциясы. Әр ұстазға өз шәкірттерінің жетістіктері, жеңістері маңызды. Сіздерге кішкентай білім алушыларымның тырнақалды туындысын ұсынғым келеді. 3-сынып оқушыларының жүрекжарды, туған еліне, кішкентай ауылына деген махаббатқа толы туындыларын назарларыңызға ұсынамын.

Бесір Назерке БАУЫРЖАНҚЫЗЫ.

Кеңғарын ауылына келгенде, Тұмсық жарды көрдің бе?! Иіліп сәлем бердің бе? Жота жаққа қарасаң, Байтулақ ата тұр жарқылдап. Ауылдың дәл қасында Ағып жатыр Басқан су, Қасиетті бұл мекен Туып өсіп өнгенге...

Қайша МҰХАМЕТБАЙ.

Кеңғарын туған жерім, Ыстық маған әрбір тасың, Самал желің баурап алар, Ауаңменен тыныс алам. Уа, туған жер, Топырағыңнан нәр алам, Сен деп соққан жүрегім, Жүрегіммен ән салам

Мәриям АЛПЫСБАЙ.

● Самосвал Газ - 53 автокөлігі 950 000 теңгеге, Жигули - 250 000 теңгеге сатылады. Келісеміз. Жансүгіров ауылы, Сәтбаев көшесі, 58. 8702 585 83 03, 8 778 780 95 13.



Менің туған жерім, Айдын шалқар көлім, Ауылым - алтын бесігім, Соғады сен деп жүрегім.

Туған жердің төрінде, Бейбіт өмір сүреміз. Асыр салып қуанып, Жүгіреміз, күлеміз. **Жансая ТӨЛЕГЕН.**

Туған жер - атамекенім, Өзіңді мақтан етемін. Өрісі кең, суы мол, Бұл менің құтты мекенім.

Арқырап аққан Басқаның, Арайлап атқан ақ таңың, Жер жетпейді-ау өзіңе, Көгеріп ашық аспаның.

Туған жерім - алтын бесігім, Өзіңді мақтан етемін Өмірдің ашқан есігін, Кеңғарын - менің бақ мекенім **Хадидже САЙЫН.**

Туған жердің түтіні ыстық, Туған елдің көктемі ыстық, Жүрегімде мәңгіге, Жатталғансың Кеңғарын. **Ермұхамет МҰХАМЕТБАЙ.**

Ыстық маған әрқашан, Туған жер деп Ән саламын шаршамай. Туған жерде Асыр салып ойнамыз, Балалармен Шат - шадыман күйдеміз. Туған жерге ешбір жер жетпейді, Алыс кетсем егерде, Оралуды аңсаймын

Раяна ТОҒЫЗБАЙ.

Ұлан байтақ жері бар, Пайдалы қазба кені бар. Тәуелсіз Қазақстан Көркіне көркі жарасқан. Тәуелсіз азат елім, Туып өскен - байтақ жерім. Мәңгі жайнап тұра бер Қазақстаным менің...

Әмина АМАНКЕЛДІ.

Балалық шақ, Жастық шақ, Алып өттім далаңмен. Бөлейтін жырға жанымды, Борыштармын саған мен!

Ерасыл ТӨЛЕГЕН.

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:** Алматы облысы, Ақсу ауданы, Ақсу ауданы әкімдігі.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды.

**БІЗДІН МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:** Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5, Аудандық әкімшілік үйінде

Директор бас редактор - 2-11-61, жауапты хатшы - 2-12-90.

Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz

Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Тапсырыс 488 Осы шығарылымның таралымы 2699

Индекс: 65750 Офсеттік басылым көлемі 26 т.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.